**№65 жалпы білім беретін орта мектеп**

# «Ұшкыр ой» жобасы бойынша жүргізілген іс-шаралар жұмысының қорытынды талдауы.



**2023-2024 оқу жылы**

Scanned with CamScanner

## 2023-2024 оқу жылындағы «Ұшқыр ой» жобасы бойынша жүргізілген іс-шаралар туралы қорытынды талдау.

№65 ЖББОМ-нің «Ұшқыр ой» жобасы мектеп директоры бекіткен жылдық жоспары бойынша жұмыс жасайды. Пікірсайыс үйірмесінің жұмысы аптасына 2 рет жүргізіледі. Әр аптаның сәрсенбі және бейсенбі күндері жүргізіледі.
Дебат жетекшісі туралы мәлімет.

| Аты-жөні | Оқу орыны | Мамандығы | Кітапханашылық еңбек стажы | Қызметі |
|---|---|---|---|---|
| Тилепова Л.К. | Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті | Тарих | 13 | Тарих пәні мұғалімі |

**Мақсаты:** Заман талабының сұранысына санасы жетік, адами құндылықты жанына серік еткен, айналасына сын көзбен қарап, қоғамдық өмірге белсене араласатын жастардың жаңа буынын қалыптастыру.

**Міндеттері:**
- Оқушылардың шығармашылық қабілеттерінің айқындалуына мүмкіндік беру.
- Шешендік өнер және жұрт алдында сөйлеу мәдениеті қалыптасқан талантты жастарды анықтау;
- Талантты жастарды ынталандыру;
- Мектеп оқушылары арасында пікір-сайыстың деңгейін көтеру;
- Мектеп оқушыларының сын тұрғысынан ойлауын дамыту;
- Өз Отаны Қазақстан, оның басты құндылықтарын құрмет тұтып, мақтаныш сезімдерін қалыптастыру
- Оқушылардың жауапкершілігінің және танымдық қабілеттерін түрлі пікірталастар арқылы ортаға салу
- Оқушыларды коммуникативтілікке, сөйлеу мәдениетіне, сөз өнеріне, тұжырымды ойын дәлелдей білуге баулу
- Оқушының өзін – өзі тәрбиелеуіне, өзін жіне өзгені бағалай білуге үйрету

2023-2024 оқу жылының басында мектепте «Ұшқыр ой» жобасы аясында «Жас барыс» пікірсайыс үйірмесі құрылып, жылдық жұмыс жоспары жасақталып, бекітілді. Үйірмеге 7-11 сынып оқушыларынан құрылған 25 қатысушы тізімі құрылды. Жоспарға сәйкес оқушыларға жалпы дебат ұғымын, оның түрлері, оқушыларға беретін артықшылықтары мен тигізер пайдасы қандай екені туралы айтылды. Дебат үйірмесі жұмасы 2 сағаттан, аптаның сәрсенбі, бейсенбі күндері жүргізіледі. Оқушылар үйірмеге қызығушылықпен қатысып, үйірме барысында тәжірибелі дебатшылардың ойындарына қарап шабыт алады. 2023-2024 оқу жылы барысында «Ұшқыр ой» жобасы аясындағы жүргізілген жұмыстарға тоқталатын болсам:

Scanned with CamScanner

Қыркүйек айында «Тіл-білім кілті» атты онкүндіктің жоспарына сәйкес «Тіл мәртебесі-ел мәртебесі» тақырыбында 8-9-10 сыныптар арасында пікірсайыс өткізілді. Мақсаты: Жастарды кез келген ортада ойын еркін әрі жүйелі жеткізуге дағдыландыру, сөздік қорын молайту. Сайысқа 3 команда қатысты. Олар: «Сұңқар», «Тұлпар» және «Қыран» командалары. Сайыс соңында жеңімпаз командалар марапатталды. 1 орынды «Сұңқар» командасы, 2 орынды «Қыран» командасы, 3 орынды «Тұлпар» командалары жеңіп алды. Сайыс өзара өте тартысты қызықты өтті.





«Сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз» тақырыбындағы мектепішілік слет. Мақсаты: Өз мемлекетіне жауапкершілікпен қарау және әділдікке тәрбиелеу. Өз көзқарастарын білдіріп, дүниетанымдарын кеңейту және ойларын еркін жеткізе білу қабілеттерін дамыту. Өскелең ұрпақтың құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру мақтаныда мектеп көшбасшылары мен дебатерлерінің мектепішілік слеті өткізілді.





Scanned with CamScanner

Республика күнін мерекелеудің іс-шаралар жоспарына сәйкес қазан айында «Тұғыры биік-Тәуелсіз Қазақстан» тақырыбында 10 сыныптар арасында пікірсайыс өткізілді. Пікірсайыстың мақсаты: Тәуелсіз Қазақстанның қол жеткізген табыстарын насихаттау, қазақстандық рухани бірлікті нығайту және отансүйгіштікке тәрбиелеу. Пікірсайысқа оқушылар белсене қатысты.



Қараша айында «Қазақстанның жастары қаншалықты патриот?» тақырыбында 10 сыныптар арасында пікірсайыс өткізілді. Мақсаты:

• Оқушыларға патриотизм туралы түсінік бере отырып, оқушыларды отансүйгіштікке, ұлтжандылыққа тәрбиелеу.

• Оқушылардың еліміздегі патриоттық бағытта жүзеге асырылып жатырған игі істер мен айтулы шаралар, бағыттар туралы түсініктерін кеңейту. Ойын өте тартысты өтті. Дебат қорытындысы бойынша 10 сынып оқушысы Маралова Аяна «Үздік оратор» номинациясымен марапатталды.





Scanned with CamScanner

Желтоқсан айында «Жастар қоғам тірегі» тақырыбында 7 сынып оқушылары арасында пікірсайыс ұйымдастырылды. Мақсаты: Бедгілі бір фактілерді зерттеуге, болжауға, жүйелеп сөйлеуге, өз көзқарасын ашық дәлелдеуге және өз бағытын дұрыс ұстануға жетелеу. Пікірсайыста үкімет палатасы «Тұлпар» тобы, оппазиция «Сұңқар» тобы болып екіге бөлінді.Екі топта өз позициясын ұстанды. Пікірталас тартысты өтті.




Қаңтар. айында «Жастар және интернет» тақырыбында 11 сыныптар арасында пікірталас ұйымдастырылды. Пікірсайыстың мақсаты: Интернетті дұрыс пайдалану жолдары, инернеттің зияны және пайдалы тұстарын ортаға салып талқылау. Сынып екі топқа бөлінді. 1 топ: Үкімет; 2 топ: Оппазиционер болып. Оқушылар XXI ғасыр жаңа технологиялар заманы екенін айтып өтті. Екінші топ керісінше рухани құндылықтар азаюда деп ұтымды ойлар айтылды. Оқушылар нтернеттің пайдалы жағы мен зияны туралы өте құнды мәліметтер мысалдарымен келтіріліп айтылды. Дебат өте тартысты өтті.



Ақпан айында «Адамгершілік және адалдық» тақырыбында 7 сынып оқушылары арасында пікірсайыс ұйымдастырылды. Мақсаты: Оқушыларға адалдық пен әділдік туралы түсінік беру және адалдық пен шындықтың адами қарым-қатынастағы мәнін жете түсіндіру. Пікірсайысқа оқушылар белсенді түрде қатысты.



Наурыз айында «Мадақтау мен жазалау» тақырыбында ата-аналармен топтық жұмыс ұйымдастырылды. Мақсаты: Отбасындағы бала тәрбиесі туралы ата-ананың пікірін білу, талқыға салу. Бала тәрбиелеу ісінде кездесетін қиындықтар мен жетістіктер туралы сөз ету. Топтық жұмыстар арқылы бала тәрбиесіне қатысты өз ойларын ортаға салу.



Scanned with CamScanner

Сәуір айында «Ұшқыр ой» жобасы аясында Ақын, жазушы, философ, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының 165 жылдығына орай «Шәкәрім-ұлы тұлға» тақырыбында 10 сыныпқа танымдық сабақ өткізілді. Мақсаты: Шәкәрім Құдайбердіұлы туралы білімдерін толықтыру және ақын өмірімен танысу. Сұрақ-жауап арқылы оқушылардың ойлау қабілеттерін арттыру арқылы өзіндік ой қорытуға бағыттау. Адам жанының рухани тазалығы жайлы оқушылардың ойларын жүйелей отырып, патриоттыққа, ұлтжандылыққа баулу, ұлыларымызды үлгі тұтуға және оқушылардың бойларына асыл қасиеттерді сіңіре білуге тәрбиелеу.



Мамыр айында «Қатігез отбасында бала жетістікке жете ме?» тақырыбында пікірсайыс ұйымдастырылды. Пікірсайыс барысында оқушылар отбасындағы және қоғамдағы қатыгездік туралы қызу пікір алмасты.




Scanned with CamScanner

«Ұшқыр ой» алаңы жобасы аясында оқушылардың жетісітігі мектеп директорының алғыс хатымен марапатталып отырды. «Ұшқыр ой» дебат мүшелерімен жылдық жоспар бойынша барлық жұмыстар уақытылы өткізіліп, әлеуметтік желіге жарияланып отырды. Келесі оқу жылында «Ұшқыр ой» алаңы жобасы аясында оқушылардың санын арттыру, сонымен қатар қалалық дебат турнирлеріне белсенді түрде қатыстыру, көзделіп отыр.

**Дебат клубының жетекшісі:** Тилепова Л.К.

Scanned with CamScanner